



Газет 1931 жылдың
5 тамызынан шыға бастады.

АКЖЕТІК

№33 (790)

2 маусым
2016 жыл



e-mail: akketikaraii@mail.ru

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР КҮНІ

МӘДЕНИЕТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

Өткен аптада аудан әкімі Темірбек Асауов өңіріміздің бір топ мәдениет саласында еңбек етіп жүрген азаматтарын қабылдады. Бұл қабылдау мәдениет қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орайластырылған болатын.



Қабылдауда аудан әкімі «Түпқараған» – мәдениет саласының жақсы дамыған, қол жеткен жетістіктерімен мақтануға тұрарлық өңірі әрі Маңғыстау мәдениетінің бастау бұлағы» деп бағалады. Ауданымыздан Қазақстан мәдениетіне өлшеусіз үлес қосқан ұлы тұлғалар шықты. Қазір де аты жалпақ елімізге

танылған жас таланттар баршылық. Аудан басшысы мәдениет қызметкерлерінің еңбегіне жоғары баға берді және түпқарағандықтар атынан алғыс айтты. Бірт топ мәдениет қызметкері осы күні аудан басшысы атынан Алғыс хаттар және бағалы сыйлықтар алды. Олардың арасында Рымкеш Жақып-

бекова, Жаңылхан Жұмабаева, Алмагүл Лесбаева, Әсет Қарабалаев және басқалар бар.

– Кез-келген халықтың өркениетке қолы жетіп, еңсесі тік, кеудесі шалқак, арманы асқақ болуы – шығармашылығының арқасы. Өйткені шығармашылық дегеніміз – рухани қазынасы, жанының байлығы, көңіл көкжиегінің кеңдігі. Қазақ халқының мәдени мұрасы таусылмас мұхиттай. Ол мұхит қазір бұрынғыдан да толысып, шалқып тұр. Мына отырған әріптестеріміз – қарапайым ғана қызметкерлер сол ұлы мұхитқа құйып жатқан ақ бұлақтар ғой, – дейді Таушық мәдениет үйінің директоры Жалжан Хадис.

Қабылдауда ақ тілектер айтылып, Рафаэль Қарғабаев күй тартты, аудан әкімімен бірге ескерткіш суретке түсті.

Анар РАХИМБЕКОВА.

ТҮПҚАРАҒАНДЫҚ БҮЛДІРШІНДЕР ЕРТЕГІ ӘЛЕМІНДЕ

Ертегі еліндегідей кейіпке өнген Ақжетік шаһарында 1 маусым - Халықаралық балаларды қорғау күні ерекше тойланып өтті.



Аудан әкімінің мерекелік құттықтауымен ашылған шарада «Қызғалдақтар» үлгілі би тобы өнер көрсетіп, мерекеге арнайы шақырылған ертегі кейіпкерлерімен флеш-моб билеген балақайлар мерекені қыздыра түсті.

Түпқарағандық бүлдіршіндердің мерекесін ұйымдастырушы аудандық білім беру бөлімі мен «Дарын» қосымша білім беру орталығы болса, түрлі шараларға демеуші «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» (НКОК Н.В.) компаниясы консорциумның демеушілік және қайырымдылық (ДжҚ) бағдарламасы бойынша балалар қуанышы мен күлкісі үшін аянып қалған жоқ. Жылдағы дәстүр бойынша балаларды қорғау күніне орай Маңғыстау облысының, Түпқараған ауданындағы жас жеткіншектерге арнап мерекелік шаралар өткізіп, сайқымазақ, күлдіргілер мен ертегі кейіпкерлері арқылы алаңда қызу ойындар ұйымдастырды. Мереке барысында қызықты сауықтар мен интерактивті сайыстар өткізіліп, пайдалы ойыншықтар мен тәтті сыйлықтар берілді.

– Бұл мереке жас жеткіншектер үшін ең қуанышты мерекелердің бірі болып қана қоймай, сонымен қатар балалардың үнемі біздің мейіріміміз бен қамқорлығымызға мұқтаж екенін есімізге түсіріп отырады. Бұл мерекенің басты міндеті – балалардың мәселелеріне, олардың әлеуметтік және рухани жағдайларына көңіл бөлу. Әсіресе,

әлеуметтік қорғалмаған балалар, балалар үйлерінің, интернаттар мен мамандандырылған мекемелердің тәрбиеленушілері ерекше көңіл бөледі қажет етеді, – деді мерекелік шарада сөз алған «НКОК Н.В.» компаниясының қоғаммен қарым-қатынас орнату бөлімінің бастығы Жағыпар Егізбаев.

Мерекелік бағдарлама аясында «Ұлы дала жас ұрпағы» атты әртүрлі халықтардың ұлттық би сайысы, «Балалар арманы» атты жас суретшілер сайысы, кішкентай спортшылардың көңілді жарыстары өткізілді, қазақтың ұлттық ойындары ойналды және тәтті сыйлықтар таратылды.

Аталған шараға балалармен қатар жергілікті билік органдарының, үкіметтік емес ұйымдардың және «НКОК Н.В.» компаниясының өкілдері қатысты.

– Бізге осындай көңіл бөлініп, мереке ұйымдастырып жатырған аудандық білім бөлімі мен қолдаушы «НКОК» компаниясына алғысымыз шексіз! Жана ғана сахнада билеп шықтық. Біздерге аудандық мәдениет үйі қызметкерлері тәттілер мен қаржылай сыйлықтар үлестірді. Түрлі кейіпкерлерді көрдік, «Маша мен Аю», «Микки Маус» сияқты мультфильмдер кейіпкерлерімен суретке түстік, – деп өзінің мерекелік қуанышымен бөлісті 7 жасар Әмина.

Милана ЕЛЕУСИНОВА.

31-МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ
АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

ТАРИХ ТАҒЛЫМЫ

2002 жылы Ираннан атамекенге оралған қандастарымыздың бір тобын Ақтау әуежайында қарсы алдық. Көшті бастап келген Отарбай деген қария екен. Ұшақтан түсе сала жерді құша құлап, сүйіп, еңкілдей жылаған қариядан артынан суыртпақтап сыр тартқан едік. «Менің әкем Асаубай анау Қаратаудың баурайын жайлап отырған бір қауым елдің басы еді. Қазақтың басына Көлешек (Голощекин) деген пәлешек келді де, жетімнің жалғыз лағына дейін тартып алып, бір қақсатты.



Артынан «ананың ойы жамаң, мынаның сөзі жаман» деп, еті тірі жігіттерді ұстап, түрмеге тоғытты. Қызыл әскер ауылға ат ойнатып, тіке қарағанды қанжоса сабап, қыз зорлап, қырып бара жатты. Ақыры шыдамай, отыз шақты үй Бесқала жаққа көшіпті. Жолда қызыл әскер қуып жетіп, оқ атып, қашқан қазақтың жартысын қырып салыпты. Аман қалғандары малын тастап, бытырай қашып, адасқандары жолда өліп, Құдай сақтағандары Бесқала асып, қарақалпақ пен өзбекке сіңіп кетіп, аман қалады. Әкем азғана туысымен одан тәжікке, әрі қарай Иран жаққа асып, сол жақта ел қатарына қосылды. Мен сол жақта өмірге келіпін. Қазақ көсемі Нұрсұлтан шеттегі қазақты елге шақырғанда әкем тоқсаннан асып, жүзге жақындап, хал үстінде жатыр еді. Соңғы сөзі «елге қайт, Маңғыстауға жет, мен үшін қасиет пен қасірет қатар сіңген қара топырағын сүй» деген еді» деді сонда қария. Сол жылдары Маңғыстау халқының үштен екісі қырылған не босып кеткен көрінеді.

Қазақ тарихында Қызыл империядан көрген қасіреттен асқан қасірет болмапты. Төңкеріс пен азаматтық соғыс кезінде біресе ақтар, біресе қызылдар келіп, қырады. 1920 жылдардың соңында және 1932-1933 жылдар аралығында Голощекиннің қолдан жасаған аштығынан қазақтың үштен бірінің, яғни 1,5 миллион қазақтың сүйегі далада қурап қалды, 300 мыңдайы шет ел асып, босып кетті. 1937-1938 жылдары сүт бетіне шығар қаймақтары – еті тірі, көзі ашық, санасы сәулелі азаматтары шетінен ұсталып, атылды, жер аударылып, сол жақта өлді. Саяси қуғын-сүргін Қазақстанда 1928 жылдың ортасынан Алаш қозғалысы қатысқан қайраткерлерді тұтқындаудан басталды. Оларға «буржуазияшыл-ұлтшыл» деген айып тағылды. Сонымен қатар молдалар мен діндарларды «басқаша, бөтен ойлайтындар» деп айыптады. Тарихи деректерге қарағанда, 1918 – 1938 жылдар аралығында қазақ халқының 40 пайызы қырылған. Ұлы Отан соғысы жылдарында 126 мың қазақ жауынгері майдан даласында қаза тапты, ал хабарсыз кеткендерінің саны 15-20 мың шамалы көрінеді. Бұл – ешкімнің де ұмытуға хақы жоқ тарих!

31 мамыр күні Түпқарағанда Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні аталып өтті. Атаулы күн Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен 1997 жылдан бастап тарихи жылнамалыққа өнген болатын.

Аудан орталығында бұл шара аудан әкімі Темірбек Асауов пен мәслихат хатшысы Айкүміс Досанованың жұртшылық өкілдерімен бірге Мұстафа Шоқай ескерткішінің басына гүл шоқтарын қоюмен басталды. Ақжетік – Алаш партиясын құрушылардың бірі, 1918-жылы қызылдар қанды қырғынмен құлатқан Түркістан автономиясының алғашқы үкімет басшыларының бірі, түркі түгелдігін, қазақ азаттығын аңсап өткен алаш арысының батысқа аттанарының алдында аяғы соңғы тиген қазақ топырағы болатын.

Одан соң саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіш жанында митинг болды. Ол ескерткішке гүл шоқтарын қоюмен басталды. Алғашқы сөзді алған аудан әкімі репрессия мен ашаршылықтың біздің халқымыздың тарихындағы маңызы туралы айта келіп, «Қазіргі қазақ халқы – ғаламдық қауымдастықта өзінің орны мен бедел-дәрежесі бар, азат халық. Елбасымыздың сындарлы саясаты елімізді өркениетті, қуатты, жасампаз елдердің қатарына қосты. Сондықтан өткен ғасырдың отызыншы жылдарындағыдай қасірет халқымыздың басына қайтып оралмасына сенімдіміз. Бірақ тарих ұмытылмауы тиіс» деген түйін жасады.

Айкүміс Досанова, қуғын-сүргін құрбанының ұрпағы Роза Өтепбергенова сөз алды. Ақжетік мешітінің имамы Опа Жүсіп нәубет құрбандарының рухына Құран сүрелерін бағыштады. Митинг соңы мешіт ауласындағы садаққа ұласты.

Айсағали ҚЫДЫР.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын!

БІРЛІККЕ ҰЙЫҒАН ЕЛГЕ БЕРЕКЕ ҰЯЛАЙДЫ

Адамзат баласы қауымдасып, бір мекенге топтасып өмір сүруге бейім жаратылған. Топтасып өмір сүрудің де өзіндік хикметі бар. Егер қайсыбір қауымның өмір-тіршілігінде бірлік, ынтымақ, имандылық, өзара келісім, ортақ түсінік, т.б. құндылықтар басты орынға қойылса, сол халықтың берекесі артып, ғибратты ғұмыр кешеді.



Біз халықтарды бірлікке, ізгілікке, қайырымдылыққа шақыруда діни тұлғалардың айрықша рөлін ескеріп, имамдардың әлеуетін, қабілеті мен тәжірибесін арттыруға баса назар аударып келеміз.

Елбасы жыл сайынғы Жолдауларында халқымыздың рухани өміріне, мәселен, отбасы құндылығын арттыру, жат ағымнан алыс болу, бірлікті сақтау, қайырымдылық жасау, мейірімді болып, кешірім жолын ұстану секілді сауапты амалдарға да мән береді.

Президентіміз жаһандық және ішкі сын-қатерлерге жауап беретін, сонымен қатар жаңа тарихи жағдайларда ұлттымыздың дамыған мемлекеттердің отыздығына кіру жөніндегі «100 нақты қадам» жоспарын жариялады. Бұл бағдарлама күрделі кезеңнен сенімді өтуге жағдай туғызатын болады. Осы құжатта әлеуметтік көмек, сапалы білім беру, сапалы медициналық көмек сынды халыққа қажетті мемлекеттік қолдаулар айтылды. Сапалы білім алған, дені сау адам елдің игілігі мен өркендеуіне көбірек үлес қосатыны даусыз.

Осы тұрғыда Елбасымыздың бастамасын қолдау мақсатында мүфтият тарапынан имамдардың діни және зайырлық сауаттылығын арттыруға баса мән берілуде. Қазіргі таңда көптеген имамдарымыз діни білімдерімен қоса зайырлық білім алуға көптеп талпыныс білдіруде. Халқымызға сапалы қызмет көрсету - имамдарымыздың басты міндеті.

Мемлекет басшылығы ешқашан жеті рет өлшеп, бір рет кеспей, шешім қабылдамайды. Басшыға бағыну – кәміл мұсылманның бір парызы, ал басшылық қашанда халықтың игілігіне жарайтын шешімдер қабылдайды. Сондықтан қазіргі таңдағы қоғам ішінде туындап жатқан түрлі мәселелерге кең түсіністікпен қарап, ел ішінде тыныштықты, ауызбіршілікті сақтап, ұйымшылдыққа ұйытқы болуға үлес қосу – әрбір мұсылманның міндеті.

Қазіргі күні біздің қоғамымызда жер мәселесіне қатысты жұртшылық тарапынан туындаған алаңдаушылықтарға байланысты Жер кодексінің жекелеген баптарына Елбасымыз мораторий жариялағандығы дүйім жұртқа мәлім. Сондықтан жер мәселесін, Елбасымыз айтқандай, ақылға салып, қоғамдық талқыдан өткізіп онтайлы шешім жолын ұсынуымыз қажет.

Әрбір адамның жаны, өмірі – өзіне аманат болса, бүгінгі адамзат қоғамын тұтас қалыпта, дұрыс бағытта ұстап тұру да – баршаға аманат екендігін ұмытпайық. Қазақ елінің ішкі тұтастығы мен қауіпсіздігін, тыныштығын сақтауда күлдай еңбек етіп, көзіміздің қарашығындай қорғауымыз – азаматтық па-

рызымыз хәм мұсылмандық міндетіміз.

Біздің негізгі бағытымыз діни, рухани сала болғандықтан, еліміздің рухани дамуы жолында еңбек етіп келеміз. Өйткені халықтың иманы мен руханияты артса, еліміз де өркендейді.

Бейбіт заманды басты байлығы санаған халқымыз қашан да татулықты тұғырына айналдырған.

Тарихтан белгілі, халықтың болашағын ойлаған дін қайраткерлері де татулық пен бірлікті басты бағдар еткен. Халықтар бірлігі – бәрінен қымбат қазына деп санаған.

Ардақты пайғамбарымыз Мұхаммед (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) мұсылмандықтың іргетасын бірлікпен бекіткен. Алла Елшісінің тайпалар мен руларды бір мақсатқа біріктіруі – кез келген басшыға басқару ісінде үлкен бағдар болары хақ.

Халқымызда: «Байлық – байлық емес, бірлік – байлық», – деген қанатты сөз бар. Алла Тағала барша адамға Құран кәрімде Хужурат сүресінің 10-аятында: «Шын мәнінде, мүміндер де ағайындар. Сондықтан да ағайын арасын түзетіндер...» – деп бұйырған.

Әрбір парасатты пенде әлемдегі қаржылық дағдарыс пен адамдар арасындағы әділетсіздік, отбасылық күйреу, әлеуметтік келенсіздіктер секілді мәселеден құтылудың бір ғана жолын түсінді. Ол – рухани құндылықтарды бірінші орынға шығару.

Бүгінде қоғам діннің адамгершілік құндылықтарына мұқтаж. Ал осындай рухани күйзеліс сәттерінде дін, зиялы қауым өкілдерінің белсенді жұмыстарына үміт артылады. Қамыққанға қамқор болу – ол да парасатты адамның асыл парызы емес пе? Ендеше, ізгі істерде бір-бірімізге көмекші болайық, бауырлар!

Алла Елшісінің: «Берген қол алған қолдан жоғары» деген өсиетін негізге ала отырып, әрдайым мемлекетімізден қол жайып, сұрай бермей, біз мемлекетімізге не бере алдық, Отан үшін не істедік деген сұрақтар әрбір мұсылманды мазалауы қажет.

Еліміздегі әрбір кәсіп немесе мамандық иесі өз саласы бойынша ең сапалы түрде қызмет етер болса, Елбасымыз меже етіп көрсеткен дамыған отыз елдің қатарына енуіміздің ауылы алыс емес екендігі баршамызға белгілі жайт.

Алла Тағала халқымызға бақ-береке бергей. Жер бетінде тыныштық орнап, қашан да тату ғұмыр кешуді нәсіп етпей. Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік, мұсылмандық мұратымыз асыл, дұғамыз қабыл болғай! Әмин!

Ержан қажы МАЛҒАЖЫҰЛЫ,
Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы,
Бас мүфти

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ

«АЛПАМЫС» АЛҒАШҚЫ ТҮЛЕКТЕРІН ТҮЛЕТТІ

Облыс әкімі Алик Айдарбаев өзі келіп ашқан жаңа балабақша «Алпамыс» алғашқы түлектерін түлетті.

Балабақшамен қоштасқан 28 бүлдіршін енді қалам ұстап, әріп танитын болады. Аз уақыттың ішінде бала тәрбиелеуде педагогикалық шеберліктерін танытып үлгерген бұл балабақша 140 орындық. Бүгінде тәрбиеленушілері түрлі байқауларда жүлделі орындардан көрініп келеді. Бүгінгі бітіріп отырған түлектер арасында да сондай жетістіктерімен балабақшаны аяқтап жатырғандар бар. Балабақша директоры Кенжеғалиева Әлия Тілекқызы алғашқы түлектеріне ақ жол тілеп, балабақша атынан алғашқы түлектеріне мектеп құралдарын сыйлады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ИГІ БАСТАМА

МЕШІТ ЖАНЫНАН МЕДРЕСЕ БОЙ КӨТЕРУДЕ

Түпқараған ауданы орталық мешітінің аумағында құрылыс жұмыстарының басталғанына 2 айдай уақыт болды. Құрылыстың іргетасы қаланып, қабырғалары бой көтеріп үлгерді.



Бұл қарқынды жұмыстың аудан тұрғындары үшін маңызы ерекше. Аудан мешітіне қызметке келетін ұстазға, азаншы мен көмекші үшін бөлме және 30 баланы оқытуға жоспарланған медресе мен әйелдер үшін қажетті жағдайлары жасалынады деп күтілуде. Бұрын мешітте садақа берушілерге, Қадір түнін қарсы алушы жамағатқа уағыз, дәрістер үшін мешіттің ішкі бөлмелері пайдаланылып келген болса, мешіттен бөлек ғимарат ретінде бой көтерген бұл құрылыс арқылы көп мәселенің шешімі табылатыны белгілі болды. Аудандық мешіттің имамы Опа Жүсіп халық үшін қуанып отырғанын жеткізді:

- Ауылдың азаматтарымен жамағатпен Мирас Шолтаманов деген бауырымыз бас болып, мешіттің жанынан қосалқы құрылыстар жүргізіп жатырмыз. Негізінен мешітімізге жаңадан жұмысқа орналасуға келетін найб имамымыз, азаншы мен ұстазымыз бар, сол кісілерге жұмыс бөлмесі мен бала оқытатын медресені қамту үшін құрылыс жүргізілген. Жобамен жоспарымызда 30 баланы оқытып бастауды ойлап отырмыз. Садақа жасаған кездерде бұрын мешіттің ішіндегі бөлмелер пайдаланылса, енді осы орындарды қолданатын боламыз. Келетін найб имам болсын, ұстаз болсын оның алдымен жағдайы жасалуы керек. Үй болмағанмен, тұратын бөлмесі болса да жағдайы шешілсе дейміз. Оларға 23 мың айлық тағайындалады, онымен отбасын асырауы керек. Алла разылығы үшін деп бұл жұмыстың басталуына себеп, сол кісілердің жағдайын жасау, олардың өздерінің тұратын орны мен бала оқытатын жерлерін сайлап, жұмыс жағдайларын туғызу.

- **Қол көмегін немесе қаржылай көмектесіп жатырғандар бар ма?**
- Шамалап мекемелерден де көмек қолдарын созып жатырғандар бар. «АТК» фирмасынан Ахметов Қайрат деген азамат тас түсіріп берді. «Арғымақ» жеке кәсіп иесі Ерболат Жұмабаев жүк көліктері, тракторларымен көмектесті. Рустам деген бауырымыз қаржылай көмек көрсетті. Сонымен қатар, ауылдың азаматтары, жастары 5 мыңнан, 10 мыңнан, 15 мыңнан қапталарына қарай қаражат жинап әкеліп беріп жатыр. Ауылға ортақ іс болғандықтан бәрінің де атсалысқаны жақсы. Арасында жастар қол көмегін де беріп кетіп жатыр. Әлі де көмек керек, көріп тұрғандарыңыздай жұмысы көп. Алдағы уақытта пластик терезелерін салуға ауылдағы осы терезе салатын жігіттерден Елдос деген бауырымыз көмектесетінін айтты.

Осы құрылыс бойынша жауапты Мирас деген бауырымыз, Әділет, Сұлтан, Айбол деген бауырларымызбен өзіміз комиссия құрып, құрылысты қадағалап, орынды жасалуы мен жұмыстың барысын бақылап отырмыз. Балалардың барлығы Алла разылығы үшін жүргендіктен бұл жұмыста жымқырып қою, жеп қоямын деген ниет жоқ. Ақ ниеттен көтерілген бастаманы тек қолдаушылар болса дейміз! Қаржылай да, құрылыс материалдарымен де көмектесем деушілер болса біз қуанамыз. Бұл ел үшін жасалып отырған игі іс болғандықтан, жастардың имандылыққа бет бұруына себеп осындай бастамалар. Тіпті намаз оқитын да, оқымайтын да бауырларымыз келіп көмектесіп жатырған жәйі бар. Халықпен бітетін істі балаларымызды басқа ағымдарға кетпеуіне ниеттеніп, оларды оқытсақ деген мақсатта жасалынып жатыр. Осы игілікті істерімізді Алла сауаптан жазсын! Игі істе бірігіп, ауызбіршілік танытып, жастарды жақсы бастамаларға ұйытқы болуға, қайырымды болуға тәрбиелейміз. Сондықтан жастардың діни білім алуына аудан азаматтарының бей-жай қарамауын сұраймыз. Қазір күн санап жастарымыз мешітке жол салып, иманын жиып жатыр. Дініміз арқылы біз жастар тәрбиесін жолға қоя алатынымызды ескергеніміз абзал.

«Оң қолым бергенді, сол қолым көрмесін» деген иманды ата ұрпағымыз. Иманымызды сауапты істен жиғымыз келсе, ең азы осы халық үшін жасалынып жатырған жақсы іске қол ұшымызды берейік, жамағат! Сіздің берген мың теңгеңіздің өзі бұл медресеге шеге алуға жетсе, ол үшін де мейірімі күшті Алла сізді шапағатқа бөлейтіні сөзсіз.

Милана ЕЛЕУСІНОВА

Күдікті тұлғаларды байқаған жағдайда халыққа арналған жаднама

Терроризм актілерін дайындау немесе жоспарлауды куәландыратын белгілері:

- 1) сіз жұмыс істейтін немесе үйдің ауласында, ғимарат айналасында (жиі баратын жеріңізді) күдікті тұлғалардың бірнеше рет көрінуі, фото және бейне түсірме жасауы, сондай-ақ дәптерге жазба жасау;
- 2) құқық қорғау орган қызметкерлерімен кездесуден қашу және бейне камерада бұлтару әрекеттері (басын түсіру, бұрылып кету, бетін жабу);
- 3) жер төле және шатырларға техникалық қызмет көрсетуге қатысы жоқ тұлғалардың кіруі;
- 4) тұрғын және әкімшілік ғимараттарға қызмет көрсететін персоналдар және күзетушілермен бейтаныс адамдардың негізсіз байланысқа түсуі, олардан жұмыс

тәртібі, қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша шаралар және т.б. жөнінде мәліметтерді жинақтау;

5) бөгде тұлғалармен маңызы төмен жұмыстарды (пакет, түйіншек, посылка беріп жіберу) ірі сыйақыға орындайтын тұлғаларды іздеуі.

Күдікті тұлғаларды байқаған жағдайда келесі іс-қимылды орындау қажет:

- 1) Ұстауға өздігімен әрекет қабылдамау;
- 2) олар жөнінде құқық қорғау органдарына шұғыл хабарлау;
- 3) өзіңіз назарға түспей, тұлғалардың санын, нақты сыртқа белгілерін, киімдерін және оларда бар заттарды, қолдануындағы автокөлік нөмірін және маркасын, қозғалыс бағытын белгілеп алу.



ЖАС ТҮЛЕК – 2016

ӨМІР МЕКТЕБІНІҢ АЛҒАШҚЫ ҚОҢЫРАУЫ ...



Түпқарағандықтардың тағы бір толқыны үлкен өмірге аяқ басты. Балалықты мектеп қабырғаларында тастап, болашағына таңдау жасап, азаматтықтың алыс сапарына шықты.



Аудандағы 8 мектепті биыл 187 қыз-жігіт бітіріп шығыпты. Осы жастардың таяу болашақта Түпқарағанның маңдайалды азаматтары болатынына сенім бар. Олай деуге себеп – олардың білім деңгейінің жоғарылығы. Аудандық білім бөлімінің басшысы Айбаршын Өтесбаеваның айтуынша, биылғы түлектердің ішінде алтын медальдан үміткер 7 қыз-жігіт бар екен! Бұндай көрсеткіш бұрын-соңды болып көрмеген. Әрине, алда әлі Ұлттық бірыңғай тест бар, «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» дегендей, алтынның кімді күтіп тұрғанын сонда білеміз. Әзірше, жеткіншектерімізге жол болсын дейміз дағы!.. Айта кетейік, түпқарағандық түлектер Ұлттық бірыңғай тестен 9-маусым күні өтеді. Оған мектеп бітірген 187-нің 160-ы қатысатын болды.

Олардан басқа түлектеріміздің ішінде халықаралық, республикалық ғылыми жоба байқауларының жеңімпазы болған 16 жас бар.

Соңғы қоңырау салтанаты мектептеріміздің барлығында да көңіл толқытардай әсерлі, әдемі болып өтті. Ақшұқырдағы мектеп-лицейдегі салтанатқа аудан әкімі Темірбек Асауов қатысты. Аудан басшысының осы мектеп-лицейді таңдауы тегін емес – алтын медальдан үміткер аталмыш 7 түлектің алтауы осы білім ордасынан шығып отыр. Директоры Қаламқас Тілеубаева кезінде Сайын ауылындағы №1 мектеп-лицейді басқарып, қатарынан бірнеше жыл бойы білім сапасының жоғарылығы жағынан облыста алдыңғы қатардан табылған болатын. Таңдаулы ұстаз, шебер ұйымдастырушының қолтаңбасы тағы да көрініп отыр.

- Біз, аға ұрпақ өкілдері, соңымыздан сіздердей білімді, дарынды, талапты, өжет ізбасарларымыздың жаңа толқыны келе жатқанына қуанамыз. Ауданымыз – облыстағы донор аудандар-

дың бірі, яғни алдыңғы қатардағы, жедел дамып келе жатқан өңір. Оның болашағы қазіргіден де жарқын. Бүгін мектеп бітіріп отырсыздар, алдарыңызда жоғары білім алып, білікті, білгір маман болып, туған жерге оралу міндеті тұр. Тізгін ұстауларыңыз керек, ел басқарып, жаңа технологияларды игеріп, жаңа өндіріс құруларыңыз керек. Мен сенемін, сіздер туған жерімізді жаңа биіктерге шығаратын боласыздар, - деді аудан басшысы.

- Менің байқауымша, қазіргі балалар жоғары техникалық білім алуға ынталы. Еліміз жылдам дамып келеді, осы заманғы өндіріс орындары көптеп салынууда. Күн, жел энергиясын игеруге деген ұмтылыстың өзі ынталы, жаңалыққа құмар жастар үшін жаңа көзқарас, жаңа мүмкіндіктер емес пе! Барлық жерде білікті инженерлерге, физиктерге, химиктерге деген сұраныс өте күшті. Балалар осыны жақсы біліп отыр деп ойлаймын, - дейді Қаламқас Тілеубаева.

Ал бүкіл облысымыздағы ең алғашқы оқу ордаларының бірі, кезінде С.Киров атымен аталған, қазір Е.Өмірбаев атындағы мектептегі соңғы қоңырау салтанатына осы мектепті 50, 40, 30, 20 және 10 жыл бұрын бітірген түлектер де келіп қатысты. Осыдан 50 жыл бұрын мектеп бітіргендердің арасынан аймағымызға танымал азаматтар, уақытында ауданның басшылығында болған Аманғали Қапуов, Қалпен Есетов, марқұм Тілеумұрат Қожабеков, мықты меңеджер болған марқұм Аманқос Қарабалаев, Аман Күзембаев, айтулы музыкант Айбергенов Жаңбыршиң атақты сәулетші Жамаладин Есбергенов сынды азаматтар шықты. Осы күнге дейін ұйымшылдығымен танылып, достықтарына сызат түспеген осынау аға-апалардың өмірінің өзі мына жас түлектерге өнеге болғандай.

- Біздер заманның қиын кезінде, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қаланы басқарып, экономикасын тұрлатпай, аман сақтап қала алдық. Көптеген жақсы, жасампаз істердің бастауында болдық. Сөйтіп жаңа, қарышты дамудың іргетасын қаладық. Осы жетістіктерді, жасампаздықты сіздерге, жас түлектер, айналайындар, аманат етіп қалдырдық. Туған жердің болашағы сендердің қолдарыңда! Тезірек білім алып, тәжірибе жинап келіп, туған жердің тізгінін қолдарыңа алыңдар! Сендерге ақ жол, сәт сапар тілейміз, - осы деді салтанатта Қалпен Есетов.

Сонымен, оқу жылының соңғы қоңырауы соғылды. Жас түлектер үшін бұл қоңырау өмір мектебінің алғашқы қоңырауы болмақ. Толқу да, қобалжу да, алаңсыз балалыққа деген қимастық та, ата-анасындай болған ұстаздармен қоштасардағы тебіреніс те осыдан. Көзге мөлтілдеп жас та келді, әрі қимастық жасы, әрі қуаныш жасы.

Жолдарың болсын, айналайындар! Жолдарың болсын!

Айсағали ҚЫДЫР,
Анар РАХИМБЕКОВА.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Белсенді жастардың қайырымдылық концерті

Өткен жұмада мүмкіндігі шектеулі балалар мен әлеуметтік аз қамтылған отбасы балаларына мерекелік көңіл-күй сыйлау мақсатында «Түпқараған жастары» жастар қоғамдық бірлестігі мен «Жас Отан» ЖҚ Түпқараған ауданы бөлімшесінің бірлесе ұйымдастыруымен «Шын жүректен» атты қайырымдылық концерті болып өтті.

«Мейірімділік, махаббат, қайырымдылық адалдық секілді ақ жүректен шығады» деген Шәкәрім Құдайберген сөзін мақсат еткен аудан жастары бұл концертте жаңа өнерге қадам басып келе жатырған талапты жастардың басын құраған екен. Сахна шымылдығын «Әуесқой гитарашылар» тобы ашты. Сонымен қатар қайырымдылық концертіне ауданымыздағы «Қызғалдақтар» үлгілі би ансамблінің түлектері, қазіргі таңда Ақтау қаласындағы «Жорға» халықтық би ансамблінің мүшелері ретінде танылып жүрген өнерпаздар Ақмарал Қапурынова мен Айгерім

Құдайбергенова арнайы келіп, өздерінің әдемі би нөмірлерін ұсынды.

Максим Горький атындағы мектеп-лицейінің «Горький жастары» жайдарман тобы да жастарға жоғары көңіл-күй сыйласа, Қуанышбек Сабанов және Әсел Бақытова, Архат Бисембаев сынды өнерпаздар орындауында әндер шырқалды.

Концерт барысында әр нөмір сайын ұйымдастырушылар тарапынан ұтыс билеттері ойнатылып, ұтысқа ұялы телефон бірліктері тігілді. Концерт көріп, қайырымдылық жасаған көрермендер залда арнайы қойылған жәшікке өз көңіл

патшаларына қарай ақшаларын да салып жатты. Концерт ұйымдастырушылары Наурызбек Мағдатов:

- Бұл концерттен түскен қаржыға 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай мүмкіндігі шектеулі балалар мен әлеуметтік аз қамтылған отбасы балаларына мерекелік көңіл-күй сыйлау жоспарда бар. Қаладағы «Дәулет» шағын мейрамханасында кеш ұйымдастырмақшымыз. Өздерінің қоғамға қажет екендіктерін ұқтырып, көңіл бөлу арқылы қайырымдылық жасауды мақсат етіп отырған акциямызға қатысып жатқандарға алғысымызды білдіреміз!

Жастар қашанда қайырымды істің басынан табылатынын бүгін тағы бір дәлелдеді.

Милана ЕЛЕУСИОВА

Х А Б А Р Л А Н Д Ы Р У 2016 жылы көкөніс пен бақша дақылдарын өсіруші және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 4-4/305 бұйрығымен бекітілген «Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау қағидалары» Ережесіне сәйкес Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер субсидия алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінімді Түпқараған аудандық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөліміне төменде көрсетілген құжаттарды қоса тіркеп, 2016 жылдың 10 мамырынан 10 маусымына дейін тапсырулары қажет:

1. Занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі;

А) Жеке тұлға үшін тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың және дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмелері;

2. Жер учаскесіне сәйкестендіру (жер акті) және (немесе) жерге құқық белгілейтін құжаттың және (немесе) қаржы лизингі шартының көшірмелері;

3. Нөмірі көрсетілген банктік шоттың бар екендігі туралы екінші деңгейдегі банктің не Ұлттық почта операторының анықтамасы;

4. Жылыжайда көкөніс өсірушілер қосымша жылжымайтын мүлікті мемлекеттік тіркеу жөніндегі уәкілетті органның жылыжайдың болуы мен жұмыс алаңының көлемі туралы техникалық паспортының бар болуына қатысты мәліметтерді тапсырады;

Субсидиялар алу үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер егістің оңтайлы мерзімінде егіс науқаны аяқталғаннан кейін бөлімге дақылдардың түрлері бойынша нақты себу алаңы мен мерзімдерін көрсете отырып, егіс науқанының аяқталғаны туралы жазбаша ақпарат ұсынуы керек.

Өтінімдер мына мекенжайда қабылданады:
Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы,
аудандық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі.
Телефон – факс: 8/72 938/ 22862, 23116
Құжат қабылдау уақыты:
Дүйсенбі – жұма, 9-00- 12-30; 14-00 - 18-00

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

Кенжебаев Бауыржан Кадирбековичтің атына берілген кәсіпкерліктің жабылуына байланысты жарамсыз деп танылсын. Арызшағымы бар азаматтар 1 ай мерзім ішінде 2-25-96 нөмірлі телефонға хабарласуы сұралады.

Сарбасов Абзал Сайлаубаевичтің атына Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Ақшұқыр ауылының ШҚБ 358 участігінен 24.12.2010 жылғы Ақшұқыр ауылы әкімінің №829 шешімі негізінде жеке тұрғын-үй құрылысы және жеке қосалқы шаруашылық жүргізулері үшін кадастрлық 13:199:002:4312 нөмірімен берілген шешім және мемлекеттік акт жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

ХАБАРЛАНДЫРУ

2016 жылдың мамыр айының 31 жұлдызы күні сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін және 15.00-ден 18.00-ге дейін Маңғыстау облысы прокуратурасының ғимаратында (Ақтау қаласының 15 шағын ауданы) «Ашық есік күні» өткізіледі.

Жеке қабылдау алдын-ала жазылусыз өткізіледі.

ХАБАР АЙТАМЫЗ

Руы Мете Жары, Қызылғұлов Ізберген Ауелбайұлының 40 күндік садақасы 11 - маусым күні қонақасы, 10 - маусым күні садақасы болатынын хабарлаймыз.

Хабар айтушы: Жанұясы
Мекен жайы: Ақтау қаласы 28 ша, 3 үй, 79 пәтер.

Түпқараған ауданының әкімдігі және мәслихаты «Нұр Отан» партиясының аудандық филиалы, аудандық ардагерлер кеңесі, еңбек ардагері, партия қызметкері, Түпқараған ауданының құрметті азаматы

Шырақбаев Шынжырханның қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына көңіл айтады.

«Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының ұжымы партия ардагері, Түпқараған ауданындағы партия, өкімшілік салаларында жауапты қызметтер атқарған ардагер азамат

Шынжырхан Шырақбаевтың қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, балаларына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.



Директор -
Дархан УӘЛИХАНОВ



АККЕТИК
арайы

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 6.02.2013ж. тіркеліп, №13362-Г куәлігі берілген.

Редактор - Милана ЕЛЕУСИОВА

Тілші: Айсағали ҚЫДЫР,

Фототілші - Анар РАХИМБЕКОВА

Газет «Маңғыстау - Медиа» ЖШС
Ақпарат және дизайн
орталығында беттелді.

Жетекшісі - Әбдіғалым СӘРКЕНОВ

Беттеуші дизайнер - Асем РАБАЕВА

«CASPY PRINT» ЖШС
баспаханасында
басылды.
130000, Ақтау қаласы,
22 ша.
Тел: 750999, 750666.

Таралымы: 1230.
Индекс: 65809.
Газеттің бағасы
келісімді.

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді.
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.
- Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды.
- Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады

АУА РАЙЫ БОЛЖАМЫ

2 МАУСЫМ

түнде: +20 | күндіз: +23

3 МАУСЫМ

түнде: +21 | күндіз: +20

4 МАУСЫМ

түнде: +18 | күндіз: +19

5 МАУСЫМ

түнде: +17 | күндіз: +22

6 МАУСЫМ

түнде: +20 | күндіз: +25